

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған
республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты»
республикалық мемлекеттік мекемесінің директорының бос
лауазымына орналасуға конкурс жариялайды**

Білім беру ұйымының атауы, оның орналасқан жері, пошталық мекенжайы, электрондық мекенжайы, телефон және факс нөмері:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесі, орналасқан мекен-жайы: Алматы қаласы, 050006, Ауэзова, 66/5 үй, тел. 8 (727) 375-55-41, факс 8 (727) 375-55-42 email:jubanova_09@mail.ru.

Құжаттарды қабылдау мерзімі:

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізіледі және хабарландыру шыққан күннен бастап есептеледі.

Негізгі функционалдық міндеттері:

Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына сәйкес және осы біліктілік сипаттамаларына сәйкес басқарады; педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесіп мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттың іске асырылуын ұйымдастырады; педагогикалық кеңесті басқарады; Мектепті дамыту бағдарламасын, оқу-тәрбие жұмысының жоспарын, жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, мектепшілік бақылау жоспарын, тәрбие жұмысының жоспарын, психологиялық қызметтің жұмыс жоспарын және құрамын бекітеді; білім беру ұйымының ғылыми - әдістемелік және материалдық-техникалық базасын қалыптастырады және жетілдіреді; оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді; заманауи ақпараттық технологияларды дамытуды қамтамасыз етеді; қашықтан оқытуды өткізу процесін ұйымдастырады және бақылайды, барлық сыныптар үшін қашықтан оқытудың түзетілген оқу бағдарламасын және сабақ кестесін бекітеді; педагогикалық ұйымдардың, әдістемелік бірлестіктердің, балалар ұйымдарының қызметіне ықпал етеді; білім беру қызметінің құқықтану лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді; жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы тәрбиеленушілердің занды құқықтары мен мүдделерін (жеке, мүлктік, тұрғын үй, еңбек және өзге де) қорғайды, оларға туыстық байланыстарды қолдау үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылдайды;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларды ескере отырып, тәрбиеленушілер мен білім алушыларды ұстау және тұру жағдайларын қамтамасыз етеді; оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне жағдайлар жасайды;

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру үшін жағдай жасайды;

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар баланы тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде балалар мен ата-аналарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

Психологиялық қызметтің жұмысын және білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

Білім беру ұйымының мүлкі мен қаражатына заңнамада белгіленген тәртіппен иелік етеді, қаржы қаражатының түсімдері мен жұмсалуды туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;

Қамқоршылық кеңес пен ата-аналар қоғамдастығының алдында ұйымның қызметі туралы, оның ішінде қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;

Нормативтік талаптарға сәйкес есепке алуды, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі қағидаларының, санитариялық-гигиеналық режимнің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларының сақталуына жауап береді;

Педагогтер мен қосалқы персоналды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, қызметкерлердің штаттық кестесін және лауазымдық міндеттерін бекітеді, олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін жағдай жасайды;

Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген;

Педагогтерді аттестаттау және біліктілік санатын беру (растай) рәсімін ұйымдастырады;

Жоғары көрсеткіштері мен жетістіктері бар білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен педагогтерін көтермелеуге ұсынады;

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті басқарады, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын ескере отырып, өз құзыреті шегінде жаза қолданады;

Өз құзыреті шегінде мектептің басқа қызметкерлеріне жаза қолданады;

Жұртшылықпен байланысты жүзеге асырады, ата-аналармен (оларды ауыстыратын тұлғалармен), қамқоршылық кеңеспен жұмысты үйлестіреді;

Мемлекеттік және өзге де ұйымдарда білім беру ұйымының атынан өкілдік етеді, есептілікті дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді;

Өзінің кәсіби дамуымен жұмыс істейді, оның ішінде менеджмент саласында;

Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаларын бойына сіңіреді;

Білім беру қызметтерінің сапасына жауап береді.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының [Конституциясы](#), Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының "[Білім туралы](#)", "[Педагог мәртебесі туралы](#)", "[Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы](#)", "[Қазақстан Республикасындағы тіл туралы](#)", "[Мемлекеттік мүлік туралы](#)" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

Педагогика және психология негіздері;

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

Педагогикалық этиканың нормалары;

Менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет негіздері;

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар;

Республикалық әскери мектеп-интернаттың, облыстық Кадет мектеп-интернатының бастығы (директоры) Қосымша білуге тиіс:

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі» туралы Қазақстан Республикасының Заңы.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, оның ішінде соңғы 2 жыл үздіксіз педагогикалық өтілі, облыстық немесе республикалық немесе

халықаралық олимпиадалардың, орындаушылар конкурстары мен спорттық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздарын дайындаған жалпы білім беретін мектепте, гимназияда, лицейде басшының орынбасары немесе басшы лауазымындағы өтілі кемінде 2 жыл;

немесе жоғары біліктілік санатының немесе педагог – сарапшының немесе педагог – зерттеушінің немесе педагог – шебердің біліктілік санатының болуы не білім беру ұйымының "үшінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "екінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" біліктілік санатының не "басшы-ұйымдастырушы" немесе "басшы-менеджер" немесе "басшы-көшбасшы" біліктілік санатының болуы;

осы тармақтың 2,3-абзацтағы нормаларын қоспағанда, білім және ғылым саласындағы қызмет бағыты бойынша мемлекеттік қызметші лауазымындағы, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру немесе педагогикалық білімі бар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының басшысы лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Лауазымдық жалақының мөлшері: 286 939 тенге.

Конкурсқа қатысуға сондай-ақ мына тұлғалар жіберілмейді:

- 1) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 2) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 3) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға қағаз және электрондық тасымалдағышта келесі құжаттар ұсынылады:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагог қызметкерлерін лауазымдарға тағайындау, қызметтен босату қағидаларына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш. № 57 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7495 болып тіркелген);

2) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттама қызметінің электрондық құжаты (сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және фото;

4) білім туралы мемлекеттік үлгілі құжаттың көшірмесі;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) «Денсаулық сақтау саласындағы бухгалтерлік құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 [бұйрығымен](#) бекітілген нысандағы денсаулығы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген);

7) Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) Наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) сертификаттаудан өту туралы сертификат (бар болса);

10) білім беру ұйымын дамытудың перспективалық жоспары;

11) түйіндеме;

12) Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларына 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізу келісімі Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7495 болып тіркелген).

13) біліктілік санатын беру (растау) туралы куәлік.

Әңгімелесу өткізілетін күні, орны және уақыты

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 14 кіреберіс, «Zoom» бейнеконференц байланысы арқылы жүргізіледі.

Әңгімелесу өтетін күні, орны және уақыты қосымша хабарланатын болады.

Конкурстық комиссияның отырысына мына байқаушылар қатысады:

1. Көсембек Еңілік – 18.07.2002ж.т., Қазақстан Республикасының азаматы.

2. Бұл ретте, байқаушылар конкурстық комиссия отырысында дауыс беруге құқығы жоқ.

Конкурсқа қатысу үшін өтініш және қызметтік тізім нысандары хабарландыруда қоса жарияланды.

Құжаттар қабылданатын мерзімде қолма-қол немесе пошта не электрондық түрде мына мекенжай бойынша құжаттар қабылданады:

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 14 кіреберіс (каб. 676), телефоны: 8 (7172) 74-04-59, email: l.kulzhabaeva@mki.gov.kz.

Құжаттар жұмыс уақытында қабылданады:

Сағат: 09:00, 13:00-14:30, 18:30.

Құжаттар уәкілетті органның электрондық поштасының мекенжайына электрондық түрде жіберілген кезде олардың түпнұсқалары не нотариат куәландырған көшірмелері әңгімелесу басталғанға дейін кемінде бір сағат бұрын ұсынылады.

Олар ұсынылмаған жағдайда тұлғаны конкурстық комиссия әңгімелесуден өтуге жібермейді.

(уәкілетті орган)

Өтініш

Мені _____

білім беру ұйымының бірінші басшысының бос лауазымына орналасу конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын

Жекелеген мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын бірінші басшыларын лауазымға тағайындау, лауазымынан босату және аттестаттау қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына жауап беремін.

Қоса берілетін құжаттар:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабының 1) тармағының талаптарына сәйкес ҚР БП ҚСЖАЕК «Ақпараттық жүйесімен» менің жеке деректерімді алуға келісімімді беремін (ия/жоқ) _____ (қолы) _____.

Мекенжайы және байланыс телефоны _____

(қолтаңба)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

« ____ » _____ 20__ ж.

Білім беру ұйымының бірінші басшысы лауазымына кандидаттың
ҚЫЗМЕТТІК ТІЗІМІ

тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) / фамилия,
имя, отчество (при наличии)

лауазымы/должность, санаты/ категория(болған
жағдайда/при наличии)

ФОТО
(түрлі-түсті/
цветное, 3x4)

ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР / ЛИЧНЫЕ ДАННЫЕ

1. Туған күні және жері/ Дата и место рождения
2. Ұлты (қалауы бойынша)/ Национальность (по желанию)
3. Оқу орнын бітірген жылы және оның атауы/ Год окончания и наименование учебного заведения
4. Мамандығы бойынша біліктілігі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда)/ Квалификация по специальности, ученая степень, ученое звание (при наличии)
5. Шетел тілдерін білуі/ Владение иностранными языками
6. Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары (болған жағдайда) / Государственные награды, почетные звания (при наличии)
7. Дипломатиялық дәрежесі, әскери, арнайы атақтары, сыныптық шені (болған жағдайда) / Дипломатический ранг, воинское, специальное звание, классный чин (при наличии)
8. Жаза түрі, оны тағайындау күні мен негізі (болған жағдайда) / Вид взыскания, дата и основания его наложения (при наличии)
9. Соңғы үш жылдағы қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау күні мен нәтижесі, егер үш жылдан кем жұмыс істеген жағдайда, нақты жұмыс істеген кезеңіндегі бағасы, сондай-ақ "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аттестаттау нәтижелері көрсетіледі Дата и результаты ежегодной оценки эффективности деятельности за последние три года, в случае, если проработал менее трех лет, указываются оценки за фактически отработанный период, а также, результатами аттестации в соответствии с Законом Республики Казахстан "Об образовании"
10. ЕҢБЕК ЖОЛЫ/ТРУДОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ Күні/Дата қызметі, жұмыс орны, ұйымның орналасқан жері/должность, место работы, местонахождение организации кабылданған/приема босатылған/увольнения

_____ Кандидаттың қолы/
Подпись кандидата _____ күні/дата